

Ш.Мажитаева, А.Абдразақова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан**

Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихы қысқаша қарастырылады. Киелі сандардың мағыналық-мәндік өрісі әр халықтың ұғым-түсініктеріне байланысты қалыптасқанын олардың тілдеріндегі тұрақты тіркестерден көруге болатындығы сөз болады.

Кілтті сөздер: қалыптасу, киелі ұғымдар, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, ағылшын тілі, фразеологизмдер, салт-дәстүрлер.

Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де киелі сандарға байланысты лексикалық топтарға этнолингвистикалық сипаттама беріліп, олар жалпы лингвистика, оның ішінде этнолингвистика және мәдениеттану тұрғысынан әлі де болса толық зерттелмеген.

Біз мақаламызда құрамында киелі сандар бар кейбір фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қалыптасу және қолданылу ерекшелігіне қысқаша тоқталмақпыз. Өйткені сан есім қатысқан фразеологизмдер, жалпы сөз тіркестері қаншама зерттеліп келе жатса да, оның қыры мен сыры түгел ашылды деуге болмайды.

Тіл білімінің кейінгі жылдары ғана қолға алына бастаған, келешегі зор жас саласы — этнолингвистика — тіл мен этностың даму тарихын, талай ғасырғы тағылым жүйесін, жалпы рухани өмірін, ата салтын, ежелгі елдік дәстүрін зерттейтін ғылым саласы. Лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік бағыты тілдің лексикалық құрамындағы әр түрлі топтардың этномәдени ерекшеліктерін қарастырады.

Тілдік бірліктерді этнолингвистикалық бағытта зерттеуде, ең алдымен, этнос пен тіл арасындағы тығыз қарым-қатынастарға баса назар аударылады, себебі «Этнос және оның тілі біртұтас, өзара тығыз байланысты, тілдің тек сол этностың қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойында сіңіріп, ата мұрасын асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» [1]. Тілдік құбылыстарды зерттеудегі этнолингвистикалық бағыт тілдердегі әлі зерттелмеген лексикаларды толық қарастыруды көздейді. Бастапқы ғылыми этнолингвистикалық зерттеулер ХХ ғасырда басталғанымен, ағылшын және қазақ тілдерінде классик лингвистердің еңбектерінде этнолингвистикалық деректер мол кездеседі. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен халықтың ара қатынасы мен байланысы туралы мәселе көтеріп, ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктері мен өз ұлтының өзгелерден бөлек бітім-болмысын көрсеткен М.Қашғари, А.Навои, В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, тағы басқа атақты адамдардың еңбектерін атауға болады.

Қазақтың жалпы лексикасындағы әр түрлі тақырыптық топтар мен қабаттар академик Ә.Т.Қайдардың ізбасарлары мен шәкірттері: Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко, Н.Уәли, Ж.А.Манкеева, А.Ж.Мұқатаева, Қ.Ғабитханұлы, Н.Оңғарбаева және тағы басқалар еңбектерінде этнолингвистикалық жағынан жан-жақты зерттелген.

Сол тақырыптардың ішіндегі киелі сандарға қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамаларына қысқаша тоқталмақпыз. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика жөнінде академик Ә.Т.Қайдар: «Этнолингвистика — этностың инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы» [2], — деген нақты, әрі тұжырымды анықтама береді.

Ағылшын халқы туралы этнографиялық деректер IV ғасырда грек географы және астрономы Путеас еңбектерінде жазылған, римдік тарихшы К.Тациттың атақты «Алмания» атты монографиясында, сонымен қатар Ю.Цезарьдың еңбектерінде кездеседі. Этнолингвистикалық зерттеулер қазіргі ағылшын тіл білімінде екі бағытта жүргізілуде. Оның біріншісі В.Гумбольдт және Л.Вайсгербер пікірін басшылыққа алған, тілдің ішкі формасын зерттейтін ғылым ретінде, яғни тілдегі

әлем көрінісі, тілдің рухы халықтың рухының сәулесі деп есептеп, ұлттың ерекшелігін көрсететін ғылым ретінде таныса, екіншісі американдық ғалымдар пікіріне сүйенген, табиғи тілдерді зерттеуді алдына мақсат етіп қойып, тілдің жағдайын, ерекшеліктерін қарастырып, халықтардың басқаша ойлауы тілдегі өзгешеліктерге әкеледі деген тұжырымды негізге алады.

Американдық ғалым E.Sapir «Тіл» деген еңбегінде: «Тілдің бір тұғыры бар... ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Атап айтқанда, ол дәстүр болып жалғасқан, біздің тыныс-тіршілігімізбен мүлде қабысып кеткен салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерден айрыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған ұлттың мәдениетін сол қалпында көрсетіп береді, осы тұрғыдан алғанда, тіл тарихы мен мәдениет тарихы параллель, қатар дамиды» [3], — дейді.

Л.Р.Палмер болса, «тіл тарихы мен мәдениет тарихы тығыз байланысты, олар бір-біріне дәлел-сипат болып, бірін-бірі түсіндіреді» [4] деген тұжырым жасайды.

Сан атауы сәбидің ана құрсағында болу уақытымен байланысты ерекше қолданысқа ие болған. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлем өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, бұрын бескүндік апта болса, бертін келе апта жеті күннен тұратын болды.

Сан атаулары фразеологиялық единица жасауда көп қолданылады, қазақ және ағылшын тілдеріндегі діни наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты тұрақты тіркестер тіл байлығы болып саналады, сонымен бірге ерте замандардан бергі рухани өмірдің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты көрсетеді.

Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай осы сандар аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестерде кездеседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны анық.

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде әр түрлі сан есімдер (екі, төрт, бес, алты, сегіз, елу, жүз, мың т.б.) қолданылады. Бірнеше мысал келтірейік: Ердің *екі* сөйлегені өлгені; жыланды *үш* кессе де, кесірткелік әлі бар; *үш* нәрсе тұрақтамайды: *бірі* — саудаға түспеген мал (дүние), *екіншісі* — таласқа түспеген ғалым, *үшіншісі* — саясаты жоқ патша; *төртеу* түгел болса алар, *алтау* ала болса алдырар; айдағаның *бес* ешкі, ысқырығың жер жарады; *бес* аспап; *бес* арыз; *бес* саусақ бірдей емес; *алты* ай баққан арықты, *бір* күн ұрынған өлтірер; *қырқынан* шығару; *жеті* қазына; *жеті* өлшеп, *бір* кесу; *жеті* атасына бітпеген; *жеті* атасын білмеген мұрт (кұл); тойған үйге *тоғыз* бар; *тоғыз* саққа жүгірту; *тоғыз* тарту (сый); *тоғыз* жолдың торабы; *қырық жеті* (қалың мал); *отыз* тістен шыққан сөз, *тоғыз* рулы елге тарайды; *қырық* кісі бір жак, қыңыр кісі бір жак; *қырықтың бірі* қыдыр; *елу* жылда ел жана, *жүз* жылда қазан т.б. сан есім құрамында бар тұрақты тіркестер тілде тұтас күйінде жұмсалады.

Ал ағылшын тілінде, А.В.Куининнің есептеуінше, *бір* мен *екі* сандарына қатысты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі [5].

Сөйтіп, екі халықтың дүниетанымында сандар өзінің сандық, реттік, мөлшерлік мәнімен қатар қасиетті (киелі, яғни сакралды) ұғымды білдіретін киелі сандар да көптеп кездесетінін байқауға болады.

Тақырыптың зерттелу тарихына келсек, қазақ тіл білімінде де, ағылшын тілі білімінде де жазылған біраз ғылыми еңбектерді кездестірдік. Оларда киелі сандар туралы орныққан пікір жоқ. Мәселен, І.Кеңесбаев қасиетті сандарға «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарын жатқызса [6], Қ.Ғабитханұлының есептеуінше, «үш», «жеті», «тоғыз», «он екі», «қырық» сан есімдері, әдеттегі сандық, реттік қолданыстармен қатар өздерінің басқа да мәнде кездесетіндігімен өзге сан есімдерден ерекшеленеді [7; 110]. Автордың тұжырымдауынша, бұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және де басқа да дүниетанымға байланысты қолданыстарынан анық көзге түседі.

Киелі сандардың мағыналық-мәндік өрісі қазақ халқының ұғым-түсініктеріне байланысты қалыптасқанын тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерден, атап айтқанда, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден көруге болады.

Мақал-мәтелдер халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды жеткізетін, қысқа әрі нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі екендігі мәлім. Әрбір халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде қазақ және ағылшын тілдерінде әр тұрғыдан азды-көпті зерттеліп келгені мәлім. Зерттеу нысанына қатысты еңбектерге қысқаша тоқталар болсақ, мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты

тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А.Байтұрсынов, І.Кеңесбаев, Р.Сәрсенбаев, Б.Адамбаев, Ә.Қайдар, С.Нұрышев, Ғ.Мұсабаев, М.Ғабдуллин, Ғ.Тұрабаева, салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан А.Нұрмаханов, Э.Мұқышева, А.Донбаева, Д.Беғалықызының т.б. зерттеушілердің ғылыми жұмыстарында қарастырылған.

Ағылшын тіліндегі жалпыхалықтық мұраны жинақтау жұмыстары көне ғасырдан қалыптасқан. Зерттеулерге қарағанда, ағылшын мақал-мәтелдер тізбегін қамтитын алғашқы «Book of proverbs in the Testament» атты топтама V ғасырда жарық көрген. Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және ұлттық таныммен тығыз байланысты тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғалымдар — Н.Барли, А.Дундэс, А.Крикман, М.Куузи, Г.Мильнер, А.Тэйлер, Г.Л.Апперсон, Линда және Роджер Флавлдер.

Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеу жұмыстары ғалым А.В.Кунин есімімен де тығыз байланысты. А.В.Куниннің [5, 8, 9] еңбектері ағылшын тілі табиғатының кейбір өзгеге беймәлім тұстарын айқындап, жалпы тіл ғылымына елеулі үлес қосты және салғастырмалы негіздегі ізденістерге бағыт-бағдар берді. Ғалым өз зерттеулерінде мақал-мәтелдерді «коммуникативті фразеологиялық бірліктер» деп атап, олардың құрамы мен құрылымына, семантикалық ерекшеліктеріне сипаттама береді.

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер қасиетті кітап «Інжілде» көп кездеседі. Себебі халық оны көп оқығандықтан, Інжілдік тізбектер күнделікті тұрмыста жиі қолданылып, олардағы сөз тіркестері тиянақталып, тұрақты тіркестерге айналған.

Халық тілінің ең шұрайлы да нәрлі өзегі болып танылатын мақал-мәтелдерді, оның ішінде сан компонентті мақал-мәтелдерді қаламгерлер ойды қысқа да, бейнелі, түсінікті, көркем етіп жеткізу мақсатында жиі пайдаланады. Ағылшын мақал-мәтелдерінің «Інжілден» басқа, В.Шекспир шығармаларында да жиі қолданылғанын көруге болады. Сондықтан бірқатар ғалымдар тобы ағылшын мақал-мәтелдерінің гүлдену дәуірі Шекспир өмір сүрген заманмен тұстас келеді деген пікір айтады [10].

Тіл тілдегі киелі сандардың беретін мағыналарына келсек, олар әр алуан. Бір тілде киелі болып саналатын сан, екінші бір тілде жағымсыз ұғым береді. Мәселен, көпшілікке мәлім, 13 санын ағылшындар, немістер, еврейлер қырсық әкелетін сан деп есептеп, 13 санды үй, кинотеатрларда 13-ші қатар болмайды. Сондай-ақ 66 санын, әсіресе үш алты санын ібіліспен байланыстырады.

Ал енді мұсылман қауымы, оның ішінде қазақтар жұма мен 13 санын ерекше құрметтейді. Жұма — мұсылман қауымы үшін ежелден қасиетті күн. Бірқатар мемлекеттерде осы күні жұрт жақсылап демалып, жуынып-шайынып, таза киініп, мешіттерде үлкен намазға қатысады. Жұма намазына қатысу үлкен сауап, міндет болып саналады. Ал 13 саны адамның мүшел жасын, ат жалын тартып мініп, азамат болғанын білдіреді. «Он үште отау иесі» деген халқымыз ұлының қабырғасы қатайып, бұғанасы бекіп, жүген ұстайтын жасқа жеткендігін анықтайтын сан ретінде ерекше бағалаған.

Адамдардың жас ерекшелігіне қатысты қалыптасатын ұғымдар туралы Г.Е.Абылова: «Адам өмір жолындағы жас ерекшеліктерімен байланысты білім, түсінік, бағалау кез келген этнос үшін бастапқы сипатта, олар әлемдік концептуализациясында маңызды рөл атқарады, олардың базалық сипаты бұл түсінік негізінде түрлі құбылыстар мен қызмет сферасының мәнін ұғынуда жүзеге асады» дей келе, «...адам жас ерекшеліктер шкаласының компоненттерінің құбылмалығы, өзектілікке қатыстығы, тіпті бір дискурс көлемінде де мынадай факторларға: идеология, саяси құбылыс, қоғамдық және мәдени құндылықтардың өзгешеліктерінен өзгереді» деген тұжырым жасайды [11]. Мысал ретінде Бұқардың, көбінесе ұлы хан Абылайдың жас ерекшеліктерін тілге тиек ететіндігін, ал Шал ақынның тұрмыстары қарапайым адамының жас ерекшеліктерін суреттейтіндігін келтіреді: Бұқар жырауда: *Ай, Абылай, сен он бір жасыңда Әшейін-ақ ұл едің. Он бес жасқа келгенде, Арқада Әбілмәмбет төренің Түйсін баққан құл едің. Жиырма беске келгенде, Бақыт берді басыңа, Тақыт берді астыңа; Отыз жасқа келгенде Дүниеге кең едің...* Ал Шал ақында: *Он бесте тартып міндім аттың жалын, Сол кезде айтқан сөзім от пен жалын, Бүркіттей тасқа түскен талап етіп, Сонымен біраз жүрдім ұзын сарын. Құрдым мен он сегізде жігіт салтын, Байқамай еш нәрсенің алды-артын. Басым бұлбұл, аяғым дүлдүл болды, Перзенті жоқ, бұзады екен ердің шартын. Жиырмаға келген соң, Жын қуалап ақтадым, Жиырма бесте келген соң, Жақсыларды жақтадым, Отыз жасқа келген соң, Әр ісін сүйіп мақтадым...*

Келтірілген мысалдардан адамның өмірінде он бес, жиырма бес, отыз, қырық жастың ерекше маңызы бар екендігін байқауға болады.

Қытайлар төрт пен жеті санын жақсы көрмейді. сегіз саны қытайлар үшін жақсы сан болып саналады, өйткені бұл санның дыбысталуы «байлық, баю» деген мағынаға жуық дыбысталады екен.

Көне заманнан бері «жеті» саны халқымыздың ұғымында киелі сандардың бірі ретінде қалыптасып, халқымыздың салт-дәстүрлері мен дүниетанымына өзіндік, ерекше орын алып, әсерін тигізумен келе жатыр. Қазақ ұғымында «жетінің» киелі сипатқа ие екендігін ерте байқаған және оның себебін түсіндіруге тырысқан ғалымдар көптеп саналады. Олардың басым көпшілігі қазақ ұғымындағы «жетінің» киелі мән алу себебін өзге халықтар мәдениетінен іздейді, атап айтсақ, араб-парсы мәдениетінің әсерінен деп қарау орын алған.

Жеті санының киелі сипат беруі — дүниедегі көптеген халықтарға тән құбылыс. Мысалы, ол Ислам дінінде де киелі сан болып есептеледі. Ислам дінінің қасиетті кітабы «Құранда» «жер бетіндегі нәрсенің бәрін сендер үшін жаратты» деген сөз бар.

«Жеті» саны Христиан дінінде де қасиетті саналады. Інжілде «Христос жетінші күні аспанға ұшып барып, жетінші күні қайта дүниеге келді» деген уағыз бар. Бүкіл дін саласында «жеті» ерекше рөл атқарады.

Ал қазақ тілінде «жеті» саны жақсы, қасиетті сан болып есептелетіндіктен, оған қатысты көптеген фразеологизм мен мақал-мәтелдер сияқты тұрақты тіркестер қалыптасқан. Мысалы: *жеті ата; жеті жұрт; жеті жарғы; жеті қазына; жеті нан құдайы; жеті күн, жеті түн; жеті қабат жер астында* т.б.

Қазақ тіліндегі сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ішінде ең жиі кездесетіндері де «жеті» санына негізделген мақал-мәтелдер. Мәселен, *Қарғыс жеті атаға жетеді; Жеті кедей жиналғанмен, ортасынан бір бай шықпас; Айла алтау, ақыл жетеу; Жеті атасын білмеген — жетесіз; Жеті рет піш, бір рет кес; Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім ал; Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер. Би болмаған би болса, құлақ-миын шағып жер.*

«Үш» санының киелі семантикасы да өте бай. Көптеген әлем халықтарының дүниетанымында, салт-дәстүрі мен наным-жорамалдарында «үш» саны басты орынға ие және киелі сан болып саналады.

Б.Қанарбаева «үш» санының сакралды семантикасын былайша түсіндіреді: «Ата-бабаларымыздың «Күннің құдайы Жердің құдайын өзіне әйел етіп алған, адам мен жер бетіндегі тіршілік содан жаратылған, Жер-Ана жер бетіндегі табиғат жаратылыстарының бәрінің анасы» деген ұғымды аналық қауымдық құрылыстың бастамасы. Күн — әке, Жер — ана, адам — олардың балалары.

Қазақ халқы ерте заманнан сан түрлі заттар мен құбылыстарға баға беріп, олардың өздеріне ғана тән қасиеттеріне, сондай-ақ келесі бір заттармен, құбылыстармен ұқсас тұстарына, ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөліп, бақылау жасап баға беріп, ойға тоқып, көңілге түйгендерін тілі арқылы сипаттап, суреттеп, сақтаған, киелі сандарға қатысты этникалық білім қорындағы бейнелі пайымдаулар мақал-мәтелдерде былайша көрініс береді: *Үшеудің бірі шарана, төртеудің бірі қаймана; Үш тағанның бірі қисайса, қалғандары құлайды; Үш нәрсе тұрақтамайды: Бірі — саудаға түспеген мал (дүние), екіншісі — таласқа түспеген ғалым, үшіншісі — саясаты жоқ патша; Үш болмайтын екілік жоқ; Түйе мінген адам үш бүктетіле алмайды; Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады; Жыланды үш кесе де кесірткелік әлі бар* т.б.

«Үш» санына қатысты тұрақты тіркестердің пайда болуына дүниенің бір нүктеде кездесетін үш бағандық тірек пен дүниедегі құбылыстың тұрақтылығын білдіру негіз болған. «Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі» деген зерттеу еңбегінде ізденуші Ш.Қарсыбекова «үш» санына қатысты мақал-мәтелдер арқауына басы бір нүктеде тоғысатын үш тірек бағандық және үш қаттық дүние моделі алынып, «үш» саны кез келген құбылыстың тұрақтылығы мен орнықтылығын бейнелейтін сан қилы үштік одақтар мен өзара тығыз байланыстағы үштік құрылымдардың (триада) символикасы ретінде жұмсалатынын анықтаған [12].

Зерттеушілердің еңбектерінде қазақ тілінде «тоғыз» санына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің асалуына дүние тоғыз бөліктен құралады деген көне заманнан келе жатқан наным-сенім, әдет-ғұрыптар негіз болғандығы сөз болады. Мысалы: *тоғыз айып тартты; тоғыз саққа жүгіртті; тоғыз құмалақ; тоғыз тұрып, тоқсан толғанды; тоғыз жолдың торабы; тоғыз татар* т.б.

Алтай текті халықтардан басқа арабтарда, парсыларда, қытайларда да «тоғыз» саны киелі болып саналады. Қ.Ғабитханұлының зерттеуінде қытайлардың аспанды тоғызға бөліп қарағандығы туралы мәлімет келтіріледі [7; 135–137].

Келесі киелі болып саналатын сан — «қырық» саны. «Қырық» — тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерге, мақал-мәтелдерге ұйытқы болып тұратын, сонымен бірге салт-дәстүрлерімізде

мызғымыстай орын тепкен киелі саналатын сандардың бірі: *Қырық жылға дейін бай мен кедей теңесер; Тұзақтан қорыққан құс қырық жыл ағаш бұтағына қонбайды; Жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді; Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді; Қызға қырық жігіт сөйлеседі, бірі алады; Қыз қырық жанды келеді, Қырық жасқа келгенде домбыра үйреніп, Ахиретке барғанда шертпекпісің; Бір қыз күйеуге шықса, қырық қыз түс көреді; Қыз алмаған жігіттің қырық қызда дәмесі; Қырыққа келсе де, ырыққа келмеген; Құлықсыздың қырық желеуі бар; Қырсық қырық ағайынды; Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ; Қыз балаға қырық жерден тыйым.*

Тілімізде «қырық» саны ұйытқы болып келетін көптеген мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Бұлардың қай-қайсысының астарында қырық санымен кодқа түсірілген мифтік-танымдық және діни сипаттағы сан алуан ақпараттар орын алады. Тілімізде «қырық» санымен көптеген тұрақты тіркестерде қалыптасқан. Мысалы: *Қырықтың бірі қыдыр; қырық жыл жатқан қылыштың қынабындай құны жоқ; қырық күн шілде; қырқынан шықты; қырық жеті (қалың мал); қыз қырық жанды келеді; қырықтың қылауынан т.б.* Мысалдардан көріп отырғанымыздай, «қырық» санының қатысуымен әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты тіркестер пайда болып, тілімізде сақталған. Олардың ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткені белгілі.

Қазақы әлем көріністерінде де төрт тұтастықты, тепе-теңдікті, бүтінділікті, тұрақтылықты білдіреді. Мұндай символикалық мәнді келесі фразеологиялық тіркестерде байқалады: *төрт арыстың баласы, төрт аяғы тең, төрт көзі түгел, дүниенің төрт бұрышы, төрт құбыласы түгенделді, төрт тұрманы түгел сай, төрт мүлігі сай болды және т.б.* «Төрт» санының қатысуымен жасалған: *Төрт аяғы тең жорға, сүдігерге сүрінеді; Төрт мүліктің төресі түйе* сияқты мақал-мәтелдер мал шаруашылығына байланысты болса; *Дұшпан көзі төртеу; Екі аяқтыда құрдас тату, төрт аяқтыда бота тату* деген мақал-мәтелдер достық пен дұшпандыққа байланысты; *Өтірік екеу, шын төртеу; Өтірік пен шынның арасы төрт елі, көзбен көрсең шын, құлақпен естісең өтірік* деп шындық пен өтірікке қатысты айтылса; *Төрт тұрманы түгел бай, тырнақтай тарту алады; Төртеу түгел болса алар, алтау ала болса алдырар* деп бірлік, ынтымаққа байланысты айтылады. Демек, «төрт» сан атауының «тұтастықты», «бүтіндікті» бейнелейтін символдық мағынасы жалпы адамзаттық дүниетанымдық құндылықтардың тұғырына алынатын дүние жаратылысының төрттік элементі от, су, топырақ, жел және діни (*төрт халифа, төрт қасиетті кітап, төрт періште*) семантикалық түрленімдерінен бастау алады.

Ағылшын тілінің мақал-мәтелдерінде *бір, екі* сандары көп қолданылады. Мәселен: *One body — no body ≈ Жалғыздың үні шықпас...; It is the first step that costs ≈ Басы қатты болса, аяғы тәтті болады; One is never too old to learn ≈ Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ; One foot is better than two crutches ≈ Қанағат қарын тойғызар; One drop of poison spoils the whole tun of wine ≈ Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді.* «Екі» санына байланысты мақал-мәтелдер: *A bird in the hand is worth two in the bush ≈ Аспандағы сұңқардан қолдағы тұрымтай артық; Two heads are better than one ≈ Бір бастан екі бас жақсы; Once bitten, twice shy ≈ Аузы күйген үріп ішеді; Score twice before you cut once ≈ Жеті рет өлшеп, бір рет кес; Three women and a goose make a market ≈ Екі әйел базар, үш әйел жәрмеңке; Two heads are better then one ≈ Кеңесіп пішкен тон келте болмас; Custom is the second nature ≈ Ауру қалса да, әдет қалмайды.*

Қазақ тіліндегі сан компонентті фразеологизмдердің басым көпшілігінің пайда болуы о бастағы сан атауларының өзіндік ерекшеліктеріне жатқызып, оған әсер етуші факторлардың табиғаты ерекше деген тұжырымға келеміз.

Қорыта айтсақ, зерттеу барысында сан есімдердің тұрақты тіркес жасаудағы деңгейлері бірдей емес екені байқалды. Тұрақты тіркес құрамында сан атауының бәрі бірдей қолданылмайтындығы, жиі қолданылатын сандар қатарына «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарын жатқызуға болатындығы, мақал-мәтелдер мен фразеологизм құрамында есептік сан есімдер жиі қолданылатындығы анықталды.

Сан есімдер сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуы арқылы ерекшеленеді. Мұндай жағдай көбінесе тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде кездеседі.

Көптеген зерттеушілердің есептеуінше, *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандары — киелі сандар болса, біздіңше, киелі мәнді сан есімдерге *он үш, елу, жиырма бес, алтыс* сандарын да қосуға болады. Келешек еңбектерімізде бұл сандарға жеке-жеке тоқталып, оларды неге қасиетті сандар қатарына қосқанымызды тілдік материалдар арқылы дәйектемекпіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1988. — 256 б.
- 2 Қайдаров Ә. Этнолингвистика негізі. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 15-б.
- 3 Sapir E. Language 1921 қытайша ауд. — Пекин: Шаң у баспасы, 1985. — 196 б.
- 4 Palmer L.R. An Introduction to Modern Linguistics / Қытайша ауд. — Пекин: Шаң у баспасы, 1983. — 122 р.
- 5 Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. — Т. 1. — М.: Сов. энцикл., 1967. — 738 с.
- 6 Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық пен» байланысты ұғымдар // ҚазССР ҒА хабарлары. Филология сер. — 1946. — 14-б.
- 7 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. — Алматы: Арыс, 2006. — 166 б.
- 8 Кунин А.В. Английская фразеология. — М.: Высш. шк., 1970. — 200 с.
- 9 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. — М.: Высш. шк., 1986. — 336 с.
- 10 Райдаут Р., Уиттинг К. Толковый словарь английских пословиц. — СПб.: Лань, 1997. — 256 с.
- 11 Абылова Г.Е. Дүниенің поэтикалық бейнесі: лингвоконцептуалдық талдау (XV–XVIII ғасырлардағы акын-жыраулар поэтикасы бойынша): Канд. дис. автореф. — Көкшетау, 2010. — 24 б.
- 12 Қарсыбекова Ш. Қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық және заттық тақырыптық топтастыру принциптері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сер. — 2006. — № 2 (92). — 17-б.

Ш.Мажитаева, А.Абдразакова

Из истории формирования некоторых сакральных понятий в устойчивых словосочетаниях с компонентами числительных

В статье рассматривается формирование некоторых сакральных понятий в устойчивых словосочетаниях с компонентами числительных в казахском и английском языках. Авторы отмечают, что в устойчивых словосочетаниях с компонентами числительных ярко выражено лексико-семантическое поле сакральных понятий.

The article is devoted to the history of the sacred concept forming in fixed expressions with numerals in Kazakh and English languages. The authors define a series of numbers which are considered to be sacred ones according some concept beliefs.